

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
Т.РЫСКҰЛОВ АУДАНЫ  
ӘКІМДІГІ  
ҚАУЛЫ



АКИМАТ  
РАЙОНА Т.РЫСКҰЛОВ,  
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТ  
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Құлан ауылы

с. Кулан

«16» наурыз 2012 жыл

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_\_ год

№ 81

Кәсіпорынның ұйымдастыру  
формасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 170 бабына, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 16 бабына, Т.Рысқұлов аудандық Әділет басқарма бастығының 05.03.2012 жылғы №16-ю бұйрығына және Қазақстан Премьер-Министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» №64-ө өкімінің іс-шаралар жоспарының 40-тармағын орындау мақсатында Т.Рысқұлов ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің «Құлан таңы» газетінің редакциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны өзгерту жолымен 100 пайыз мемлекеттің қатысу үлесі бар Т.Рысқұлов аудандық «Құлан таңы» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылсын.

2. Т.Рысқұлов аудандық «Құлан таңы» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысы бекітілсін.

3. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы болып «Т.Рысқұлов аудан әкімдігі» белгіленсін.

4. Кәсіпорынның ұйымдастыру формасы өзгеруіне байланысты алыс-беріс актісі жасалсын.

5. Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 01 желтоқсандағы №460 «Құлан таңы» газетінің редакциясы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынын қайта құру туралы» және 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №481 «Кәсіпорынның ұйымдастыру формасын өзгерту туралы» қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

6. Т.Рысқұлов аудандық «Құлан таңы» газетінің редакциясының» бас редакторы Серікбай Өтегенов серіктестіктің жарғысын Әділет органдарында тіркелуін бір ай мерзімінде қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Т.Рысқұлов ауданы әкімінің орынбасары Ахтан Ахатулы Қарсыбаевқа жүктелсін.

Бланк сериальлық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қазірет бабына мажесті: көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕТКЕ АЛЫНАДЫ.  
Бланк без сериального номера НЕДЕЙСТВУЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.



А.Нұрғалиев

